

## **2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Аққайың ауданының аумағында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 13 наурыздағы N 80 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 30 наурызда N 13-2-149 тіркелді

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-4 Заңы 27-бабының 3-тармағына, 28, 29, 31-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 31-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ**  
**Е Т Е Д І :**

1. Әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе одан босатылуға құқығы жоқ, он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімдерін өткермеген Қазақстан Республикасының ер азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында «Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі арқылы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлерін, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетін, Қазақстан Республикасы Республикалық ұланын, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігін толықтыру үшін қажетті санда мерзімді әскери қызметке шақыру ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізудің қосыла берілген кестелері 1, 2 - қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

3. Селолық округ әкімдері шақырылушылардың медициналық куәландырудан өтуі үшін уақытында жеткізілуін және әскери қызметін өтеу үшін жіберілуін қамтамасыз етсін.

4. «Аққайың аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру бойынша шараларға шығыстардың жергілікті бюджет қаражаты есебінен уақтылы қаржыландырылуын қамтамасыз етсін.

5. Аудан әкімі аппаратының басшысы шақыруды өткізу мерзіміне 2 бірлік санында қызмет көрсетуші, техникалық жұмысшыларды жұмысқа қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің әлеуметтік және шұғыл мәселелер бойынша орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн

өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 1 сәуірден бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

Аққайың ауданының әкімі

Р. Елубаев

КЕЛІСІЛДІ

«Солтүстік Қазақстан облысы  
Аққайың ауданының қорғаныс  
істері жөніндегі бөлімі»

мемлекеттік мекемесінің бастығы В.В. Гриб

Аққайың ауданы әкімдігінің  
2012 жылғы 13 наурыздағы  
№ 80 қаулысымен бекітілген  
№ 1-қосымша

## 2012 жылғы көктемнің сәуір-маусымында мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу КЕСТЕСІ

№	Селолық округ атауы	Саны	Комиссия өту күндері				
			сәуір-шілде				
			02.04. 2012 ж	03.04. 2012 ж	04.04. 2012 ж	05.04. 2012 ж	06.04. 2012 ж
1	Аралағаш	13	10	3			
2	Астрахан	14		7	7		
3	Власовка	16	16				
4	Григорьевка	18					18
5	Ивановка	15		15			
6	Қиялы	35			35		
7	Лесной	20			3	5	12
8	Полтавка	17		17			
9	Смирнов	40	9	8	5	14	4
10	Токшын	31				31	
11	Черкас	16					16
12	Шағалалы	15	15				
		250	50	50	50	50	50

Ескерту: шақыру комиссиясынан өтпеген азаматтар бойынша шақыру комиссиясының отырыстары аптасына бір рет, сәрсенбі сайын, көктемгі шақыру 2012 жылғы 30 маусымға дейін өткізіледі.

Аққайың ауданы әкімдігінің  
2012 жылғы 13 наурыздағы  
№ 80 қаулысымен бекітілген  
№ 2-қосымша

## 2012 жылғы күздің қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу КЕСТЕСІ

№	Селолық округ атауы	Саны	Комиссия өту күндері				
			Қазан-желтоқсан				
			01.10. 2012 ж	02.10. 2012 ж	03.10. 2012 ж	04.10. 2012 ж	05.10. 2012 ж
1	Аралағаш	12	9	3			
2	Астрахан	13		7	6		
3	Власовка	15	15				
4	Григорьевка	19					19
5	Ивановка	14		14			
6	Қиялы	37			37		
7	Лесной	19			3	5	11
8	Полтавка	16		16			
9	Смирнов	44	12	10	4	13	5
10	Тоқшын	32				32	
11	Черкас	15					15
12	Шағалалы	14	14				
		250	50	50	50	50	50

Ескерту: шақыру комиссиясынан өтпеген азаматтар бойынша шақыру комиссиясының отырыстары аптасына бір рет, сәрсенбі сайын, көктемгі шақыру 2012 жылғы 30 желтоқсанға дейін өткізіледі.